

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші әртараптандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминий», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5 % акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minerao Minas Bahia SA (MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.

Бас атқарушы директор Феликс Вулис

«Глинозем және алюминий, өзге түсті металдар мен энергетика бөлімшелеріндегі салмақты өндірістік көрсеткіштер жоспардан тыс қайта жөндеу жұмыстарының нәтижесінде болған ферроқорытпа және темір кені бөлімшелеріндегі өндіріс көлемінің төмендеуімен теңестірілді. Шұғыл әрекеттер жүзеге асырылды. Мен өз әріптестеріме өндірісті қайта қалпына келтіру барасындағы ерен еңбектері мен ұмтылыстары үшін алғыс айтамын. Төртінші тоқсандағы өндірістік мәселелерді еңсере отырып, біз, өндіріс көлемінің өсіп, Топтың әртараптандырылған өнімдерінің тұрақты өсімін күтеміз.»

2011 жылғы төртінші тоқсанның негізгі қырлары

2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі үш айдың негізгі қырлары

- Қазақстандағы глинозем және алюминий бөлімшесі мен энергетика бөлімшесі толық тиімді қуат деңгейінде жұмыс істеді.
- Құрылғыларды жоспардан тыс қайта жөндеу жұмыстарына байланысты Ферроқорытпалар мен темір кені бөлімшелері толық қуат деңгейінде істемеді.
- 2011 жылдың шілде айында глинозем зауытының қуатын 1,7 млн тоннаға дейін өсіру нәтижесінде глинозем өндірісі 2010 жылмен салыстырғанда өсті.
- Металл мен концентраттағы кобальт 2010 жылдың төртінші тоқсаны көрсеткіштерінің деңгейінде сақталды. Металл мен концентраттағы мыс өндірісі өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым өсті.
- 2012 жылы Топтың барлық әртараптандырылған өнімдерін шығарудың тұрақты үрдісі сақталады деп сенеміз.

2011 жылғы төртінші тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Хром кенін қазып алу – 1,012 млн тонна (Q4* 2010: 1,219 млн тонна, 17% төмен)
- Тауарлы хром кенін өндіру – 762 мың тонна (Q4 2010: 982 мың тонна, 22,4% төмен)
- Марганец кенін өндіру – 605 мың тонна (Q4 2010: 608 мың тонна, 0,5% төмен)
- Тауарлы марганец концентратын өндіру – 197 мың тонна (Q4 2010: 218 мың тонна, 9,6% төмен)
- Жалпы феррохром өндіру – 322 мың тонна (Q4 2010: 359 мың тонна, 10,3% төмен)
- Барлық өндірілген ферроқорытпа – 416 мың тонна (Q4 2010: 458 мың тонна, 9,2% төмен)

Темір кені бөлімшесі

- Темір кенін қазып алу – 10,522 млн тонна (Q4 2010: 10,876 млн тонна, 3,3% төмен)
- Бастапқы темір кенін концентратын өндіру – 4,224 млн тонна (Q4 2010: 4,389 млн тонна, 3,8% төмен)
- Тауарлы темір кенді концентратын өндіру – 2,230 млн тонна (Q4 2010: 2,013 млн тонна, 10,8% ұлғаю)
- Тауарлы темір кенді шекемтас өндіру – 1,644 млн тонна (Q4 2010: 2,132 млн тонна, 22,9% төмен)

Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Боксит қазып алу – 1,421 млн тонна (Q4 2010: 1,310 млн тонна, 8,5% ұлғаю)
- Глинозем өндіру – 428 мың тонна (Q4 2010: 413 мың тонна, 3,6% ұлғаю)
- Алюминий өндірісі – 63 мың тонна (Q4 2010: 62 мың тонна, 1,6% ұлғаю)

Энергетика бөлімшесі

- Көмір қазып алу – 5,673 млн тонна (Q4 2010: 5,697 млн тонна, 0,4% төмен)
- Электр энергиясын өндіру – 3932 ГВт (Q4 2010: 3789 ГВт, 3,8% ұлғаю)

Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс кенін қазып алу – 420 мың тонна (Q4 2010: 343 мың тонна, 22,5% ұлғаю)
- Металл мен концентраттағы мыс – 8080 тонна (Q4 2010: 4992 тонна, 61,9% ұлғаю)
- Кобальт кенін қазып алу – 325 мың тонна (Q4 2010: 284 мың тонна, 14,4% ұлғаю)
- Металл мен концентраттағы кобальт – 2853 тонна (Q4 2010: 2904 тонна, 1,8% төмен)

Логистика бөлімшесі

- Темір жол арқылы тасымалданған тауарлар тоннажы – 14,869 млн тонна (Q4 2010: 16,005 млн тонна, 7,1% төмен)

* Q4 – төртінші тоқсан

Күрделі шығындар бағдарламасы

Күрделі шығындар бағдарламасының негізгі нысандары келесі жобалар болды:

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Ақтөбе ферроқорытпа зауытында қуаты жылына 440 мың тонна төрт тұрақты ток пешінің құрылысы (750 млн АҚШ доллары, 2013 жыл*).

2 Темір кені бөлімшесі

- Кен базасын кеңейту (825 млн АҚШ доллары, 2014-2016 жылдар).
- Қуаты жылына 7 млн тонна жоғары сапалы концентратты байыту кешенінің құрылысы (455 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).
- Қуаты жылына 5 млн тонна күйдіру машинасының құрылысы (555 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).
- Қуаттылығы жылына 1,8 млн тонна ыстық брикеттелген темір өндіру зауытының құрылысы (ЫБТ) (675 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).

* Барлық даталар жобаның аяқталу мерзімін білдіреді

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Қуаты жылына 136 мың тонна анод шығаратын цехтың құрылысы (240 млн АҚШ доллары, 2012 жыл).

4 Энергетика бөлімшесі

- Ақсу ЖЭС-дегі №6 энергоблоқты қалпына келтіру (265 млн АҚШ доллары, 2013 жыл).

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Луита зауытында мыс (тотығы) өндірісін кеңейту (280 млн АҚШ доллары, 2013 жыл).
- SX/EW технологиясымен кобальт тотығын өндіретін зауыт құрылысы (30 млн АҚШ доллары, 2011 жыл).
- Жаңа мыс өндіру зауытын салу (80 млн АҚШ доллары, 2012 жыл).
- Зерттеу жұмыстары (50 млн АҚШ доллары, 2011 жыл).

6 Логистика бөлімшесі

- Темір жол вагондарын, контейнерлер мен жартылай вагондарды сатып алу (230 млн АҚШ доллары, 2011 жыл).



Байланыс

ENRC Қазақстан (Астана):

Корпоративтік коммуникациялар департаменті

+7 (7172) 592 153

+7 (7172) 592 152

press@kz.enrc.com

ENRC PLC (Лондон):

Юлия Кальчева

+44 (0) 20 7389 1861

julia.kalcheva@enrc.com

www.enrc.com

Аналитиктердің соңғы пікірлері

Morgan Stanley: 17.01.12

Сатып алу (top pick)

- Біз ENRC Конго Демократиялық Республикасындағы активтерге қатысты FQM-мен болған келіспеушілік салдарынан туындаған тартыстың шешімінен өзіне пайда іздеді деп ойлады. Соңғы шешім 1) заңдық тұрғыдағы қауіптің алдын алады, 2) Kolwezi жобасын игеруді бастау мерзімін қысқартады, және 3) Конго Демократиялық Республикасындағы өсімнің ұлғаюына жол ашады.
- Біздің пікірімізше, ауыр кризистік кезеңде ENRC ақша ысыраптайтын компаниялардың қаратындағы ең соңғысы болады, ол нарықтағы ең үздік компаниялардың қатарына енуі мүмкін.
- ENRC минералдық ресурстарының көлемі әлемдегі төрт ірі тау-кен компанияларының минералдық ресурстарымен тең. Бұл сәтті өсім жолындағы кез-келген кедергіні жоққа шығарады.

Citi: 13.01.12

Сатып алу

- ENRC төмен шығынды ферроқорытпа мен алюминий өндіруші болып табылады. Арзан электр энергиясы баға нарығында бәсекелес басымдыққа ие болуға мүмкіндік береді. EBITDA көрсеткішіндегі маржа көлемі 40%-ды құрайды деп санаймыз. Әлімдік ірі бәсекелес компаниялармен салыстырғанда, бұл өте жақсы көрсеткіш. Бұған қоса ENRC жобалар өсімінде үлкен басымдыққа ие.
- Біз компанияны активтер сатып алушы деп көреміз, әсіресе, Африкадағы активтерді сатып алушы. Сәйкес келісімдерді компания үшін үлкен мүмкіндік деп санаймыз. ENRC акциялары үшін «Сатып алу» рейтингін болжамдаймыз.

Credit Suisse: 06.01.12

Сатып алу

- Келісім Kolwezi жобасын сатып алу кезінде туындаған сот процессіне нүкте қояды.
- Уақыт өте келе, бұл ENRC-ге жоғары сапалы мыс өндіру бойынша активтер мен жобаларды дамытуға мүмкіндік береді.
- Келісімшарттар ENRC-ге үлкен мүмкіндік ашып, өзге корпоративтік әрекеттерге жол береді.

Goldman Sachs: 03.01.12

Сатып алу

- «Сатып алу» рейтингін қайталаймыз. Компанияның акцияларын CEEMEA Focus List тізімінде қалдырамыз. Біздің пікірімізше, олар темір кені нарығына жол ашып, тартымды өсу мүмкіндіктерін, салмағы баланс пен дивидендтер көрсетеді (2012 жылы жобалы дивидендтер 5.1% құрайды).

Стратегия



Төмен шығынды өндірісті қолдау



Өндірістік қорлар мен қуаттарды тұрақты жетілдіру және өңдеу



Компания құндылығын арттыру және өнімдер ассортиментін ертартапандыру арқасында клиенттер базасын кеңейту



Активтер портфелін және табиғи ресурстар саласында аймақтық және әлемдік деңгейде қатысуды ертартапандыру



Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауға жете ерекше назар аударып, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарын ұстану